

**Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 54-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 20 наурыздағы Нормативтік құқытық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4578 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 286-НҚ бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010.09.28 № 286-НҚ бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысымен бекітілген Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесінің 8-тармағына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша басқармалары Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесіне сәйкес қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушыларға табиғи монополиялар субъектілерінің қаражаттарды қайтаруын бақылауды  
**қ а м т а м а с ы з** **е т с і н .**

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (А.В.Шкарупа) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен

к е й і н :

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының :

1) "Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 477 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін тіркелу тізілімінде N 3278 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2005 жылғы 8 қаңтарда N 2 жарияланған);

2) "Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардың шығындарын өтеу тәртібін көздейтін электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 477 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 3 қазандағы N 291-НҚ (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін тіркелу тізілімінде N 3907 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2005 жылғы 8 қаңтарда N 47 жарияланған) бұйрықтарының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш.Алдабергеновке жүктелсін.

7. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

|                |              |            |
|----------------|--------------|------------|
| Қазақстан      | Республикасы | Табиғи     |
| монополияларды | реттеу       | агенттігі  |
| төрағасының    | 2007 жылғы   |            |
| 21 «ақпандағы  | N 54-НҚ      | бұйрығымен |
| бекітілген     |              |            |

**Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және қайта жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейтуге және жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысымен бекітілген Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесіне сәйкес жалпы пайдаланылатын энергия тасымалдау желілерін кеңейту және қайта жаңарту кезінде энергия беруші ұйымдарының электр және (немесе) жылу желісіне қосымша қуаттарды (бұдан әрі - қосымша қуат) қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушылардың шығындарын қайтарымды негізде өтеу тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Осы Ереже электр және (немесе) жылу энергиясын беруді және (немесе) таратуды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне және электр және (немесе) жылу желісіне қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген электр энергиясының және (немесе) жылу энергиясының тұтынушыларға қолданылады.

3. Осы Ереженің мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
табиғи монополия субъектісі - электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі ;

тұтынушы - электр және (немесе) жылу энергиясын шарт негізінде пайдаланатын және электр және (немесе) жылу желісіне қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардан төлемақы ретінде түсетін ақшалай қаражатты субъекті электр энергиясының қондырғыларын салуға, қолдағы барларды кеңейтуге және жаңартуға байланысты және реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын негізгі құралдардың өсуіне алып келетін шығындарды өтеуге пайдаланады.

Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардан түскен төлемақы субъектінің табысы болып табылмайды.

5. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы ретінде түскен ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

## **2. Жалпы пайдаланылатын энергияны тасымалдау желілерін кеңейтуге және жаңартуға байланысты субъектінің шығындарын өтеу тәртібі**

6. Субъекті тұтынушымен электр желілеріне кіру үшін (қосымша қуаттарды қосуға) қосылатын қосымша қуаттың көлемін, қосымша қуатты қосқаны үшін төлемақы мөлшерін, тұтынушыға ай сайын қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасын, тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімдерін көздейтін шарт (бұдан әрі - шарт) жасасады.

7. Жасалған шарттың талаптарына сәйкес тұтынушы субъектінің есептік шотына ақшалай қаражатты аударуды қамтамасыз етеді немесе заңнамада белгіленген жағдайда субъектінің кассасына ақшалай қаражатты енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Тұтынушы субъектіге қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы түрінде жалпы пайдаланылатын энергияны тасымалдау желілерін кеңейтуге және жаңартуға арналған шығындарды қайтарымды негізде өтеуді қамтамасыз етеді.

9. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{доп мощн}} = P_{\text{ед}} \times M_{\text{присоед}}, \quad (1)$$

м ұ н д а ғ ы :

$P_{\text{доп мощн}}$  - қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақының мөлшері, теңге ;

$P_{\text{ед}}$  - заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және электр желілерін дамыту жоспарына сәйкес қосылатын жылу немесе электр қуатының бірлігіне арналған төлем мөлшері, теңге/Гкал/сағат , теңге / кВт ;

$M_{\text{присоед}}$  - берілген техникалық талаптарға сәйкес қосылатын жылу немесе электр қуатының көлемі, Гкал/сағат, кВт.

## **3. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін субъектінің ақшалай қаражатты тұтынушыларға қайтару тәртібі**

10. Тұтынушыларға ақшалай қаражатты қайтаруды субъекті шарттың талаптарына сәйкес тұтынушы ақшалай қаражатты аударған айдан кейінгі отыз жетінші айдан бастап ай сайын тең үлестермен жүргізеді.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 197-НҚ Бұйрығымен.**

## 11. Қайтару мерзімі:

1) электр энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерді көрсететін субъектілер үшін - белгіленген тәртіппен бекітілген субъектінің Есепке алу саясатында көзделген магистральдық құбыр жолдарының қызмет ету мерзіміне және (N) немесе амортизация нормасына (Нам) сүйене отырып;

2) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерді көрсететін субъектілер үшін - белгіленген тәртіппен бекітілген субъектінің Есепке алу саясатында көзделген магистральдық құбыр жолдарының қызмет ету мерзіміне және (N) немесе амортизация нормасына (Нам) сүйене отырып анықталады.

12. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімі мынадай формулалардың біреуі арқылы анықталады:

$$T = \frac{N}{N_{ам}} \times 1,2, \quad \text{немесе}$$
$$T = \frac{N}{N_{ам}} \times 1,2, \quad (2)$$

м ұ н д а ғ ы :

T - қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімі, ай;

N - күштік трансформаторлар мен магистральдық құбыр жолдарының қызмет ету мерзімі, жыл;

Нам - белгіленген тәртіппен бекітілген субъектінің Есепке алу саясатында көзделген күштік трансформаторлар мен магистральдық құбыр жолдарының амортизациясы, процент.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 197-НҚ Бұйрығымен.**

13. Субъектінің тұтынушыға ай сайын қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасы, мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{S_m}{P_{доп}} \times 1,2, \quad (3)$$

м ұ н д а ғ ы :

S<sub>m</sub> - субъектінің тұтынушыға ай сайын қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасы, теңге.

14. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеу мөлшерін, тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімін және субъектінің тұтынушыға ай сайын қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасын есептеу үлгісі осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

15. Энергия беруші ұйымдардың желілеріне келісім-шарттық міндеттемелері, нақты өңірде қызметін асыру мерзімдері шектеулі жаңа тұтынушыларды қосқан

кезде, қаражаттарды тұтынушыларға қайтару кезеңі уәкілетті органмен келісілген, келісім-шарттарда көзделген қызметтерді жүзеге асыру мерзімдеріне қарай жеке-жеке анықталады.

16. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушыға субъектінің ай сайын қайтару көзі амортизациялық аударымдар мен пайда болып табылады.

17. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы ретінде түскен ақшалай қаражатты, сондай-ақ желілік активтерді салуға, олардың қолдағы барларын кеңейтуге және жаңартуға бағытталған шығындарды есепке алу бөлектеп есепке алудың негізгі көзқарастарын қолдана отырып, субъектінің талдау есебінің жекелеген шоттарында жүзеге асырады.

18. Субъект есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 күніне тоқсан сайын уәкілетті органға Қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және электр желілерін дамыту жоспарына сәйкес қосымша қуаттарды қосқаннан бастап өспелі қорытындысымен қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушыларға ақшалай қаражатты қайтару жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ осы Ереженің 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша қосымша қуаттарды қосқаны үшін тұтынушылардан түскен ақшалай қаражатты субъектінің пайдалану жөніндегі ақпаратты ұсынады.

#### **4. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік**

19. Субъекті осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

|            |              |            |           |
|------------|--------------|------------|-----------|
| Жалпы      | пайдаланатын | энергияны  |           |
| тасымалдау | желілерін    | кеңейтуге  |           |
| және       | жаңартуға    | арналған   | энергия   |
| беруші     | ұйымның      | шығындарын |           |
| қайтарымды | негізде      | өтеу       | ережесіне |
| 1-қосымша  |              |            |           |

**Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы мөлшерін, тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімін және субъектінің тұтынушыға ай сайынғы қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасын есептеу үлгісі**

Ш а р т т ы            д е р е к т е р :

Белгіленген тәртіппен бекітілген Электр желілерін дамыту жоспарына сәйкес қосылатын электр қуатының бірлігіне төлемақы мөлшері 15000 теңге/кВт қ ұ р а й д ы .

Берілген техникалық талаптарға сәйкес қосылатын электр қуатының көлемін  
 2 0 к В т қ ұ р а й д ы .

Белгіленген тәртіппен бекітілген субъектінің Есепке алу саясатында көзделген күштік трансформаторлар амортизациясының нормасы 5 % құрайды.

1. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша анықталады (1):

$$P_{\text{доп мощн}} = P_{\text{ед}} \times M_{\text{присоед}} = 15000 \times 20 = 300000 \text{ теңге}$$

2. Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы төлеген тұтынушыға ақшалай қаражатты қайтару мерзімі мынадай формула бойынша анықталады (2):

$$T_{\text{Нам}} = \frac{0,3 \times 100}{5} \times 12 = \frac{0,3 \times 100}{5} \times 12 = 72 \text{ ай}$$

3. Субъектінің тұтынушыға ай сайынғы қайтаруға жататын ақшалай қаражаттың сомасы мынадай формула бойынша анықталады (3):

$$S_m = \frac{P_{\text{доп мощн}}}{T} = \frac{300000}{72} = 4166,67 \text{ теңге айына}$$

Жалпы пайдаланатын энергияны тасымалдау желілерін кеңейтуге және жаңартуға арналған энергия беруші ұйымның шығындарын қайтарымды негізде өтеу ережесіне

2-қосымша

(субъектінің атауы)

**20\_\_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша Қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және электр желілерін дамыту жоспарына сәйкес қосымша қуаттарды қосқаннан бастап өспелі қорытындысымен қосымша қуаттарды қосқаны үшін ақы төлеген тұтынушыларға ақшалай қаражатты қайтару жөніндегі ақпарат**

|  |  |                            |  |                  |  |   |
|--|--|----------------------------|--|------------------|--|---|
|  | Қалалар. дың, аудандар мен облыс. тардың жылу және электр желіле. р і н дамыту жоспа. рына | Техни. калық талап. ты бе. | Беріл. ген талап. тарға сәйкес қосыл. атын | Жасал. ған шарт. | Қосымша қуаттарды қосқаны үшін төлемақы. | Қосым. ша ку. аттар үшін тұты. нушы төле. ген |
|--|--|----------------------------|--|------------------|--|---|

| р/с<br>N | Тұтыну.<br>шының<br>атауы | сәйкес<br>қосыла.<br>ты н<br>қуатты.<br>лықтың<br>бірлігі.<br>не арнал<br>ған<br>төлемақы<br>(теңге/Г<br>кал/ч,<br>теңге<br>/кВт) | рудің<br>нөмірі,<br>күні | қосымша<br>қуаттың<br>көлемі<br>(кВт,<br>Гкал/<br>ч) | тың<br>нөмірі,<br>күні | ның мөл.<br>шері<br>теңге)<br>(гр.3х<br>гр.5) | ақша.<br>лай<br>қара.<br>жаттың<br>сомасы<br>(теңге) |
|----------|---------------------------|---|--------------------------|--|------------------------|---|--|
| 1        | 2                         | 3   | 4                        | 5  | 6                      | 7   | 8  |
|          |                           |   |                          |  |                        |   |  |
|          |                           |   |                          |  |                        |   |  |

**кестенің жалғасы**

| Тұтыну.<br>шыға<br>ақшалай<br>қаражат<br>ты қай.<br>таруды<br>бастау<br>кезеңі<br>(жыл, ай) | Тұтыну.<br>шыға ақшалай<br>қаражатты<br>қайтару мерзімі<br>(бір субъек.<br>тінің<br>барлық тұтыну.<br>шылары<br>үшін бірыңғай),<br>(ай) | Тұтыну.<br>шыға<br>ақшалай<br>қаражат.<br>ты қай.<br>таруды<br>аяқтау<br>кезеңі | Тұтынушыға<br>ақшалай<br>қаражатты ай<br>сайынғы қай.<br>тару сомасы<br>(теңге)<br>(гр.7/гр.10) | Ақшалай<br>қаражатты<br>қайтаруды<br>бастау<br>кезеңінде<br>тұтынушыға<br>қайтарылған<br>қаражаттың<br>жалпы<br>сомасы<br>(теңге) | Тұтынушыға<br>қайтаруға<br>жататын<br>ақшалай<br>қаражаттың<br>қалдығы<br>(теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 9   | 10  | 11  | 12  | 13  | 14  |
|   |   |   |   |   |   |
|   |   |   |   |   |   |

Басшы \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолтаңбасы, тегі, аты-жөні)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолтаңбасы, аты-жөні)

М.О.

Жалпы пайдаланатын энергияны  
тасымалдау желілерін кеңейтуге  
және жаңартуға арналған энергия  
беруші ұйымның шығындарын  
қайтарымды негізде өтеу ережесіне

3-қосымша

-----  
(субъектінің атауы)



**20\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсанда қосымша қуаттарды  
қосқаны үшін тұтынушылардан түскен  
ақшалай қаражатты пайдалану**

**жөніндегі ақпарат**

| p/c N | Сатып алынған материалдардың және жүргізіліп отырған тауарлардың атауы | Шарттың, шот-фактура. лардың және басқа да растаушы құжаттардың нөмірі мен күні | Қалалардың, аудандар мен облыстардың жылу және электр желі. лерін дамыту жоспарындағы ұстаным | Сомасы (тенге) |
|-------|--|---|---|----------------|
| 1     | 2  | 3   | 4   | 5              |

Басшы \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолтаңбасы, тегі, аты-жөні)

M.O.